

ШҚО жағдайында қарлыған сорттарын интродукциялау және сорттық зерттеу

«Шығыс Қазақстан ауылшаруашылық тәжірибе станциясы» ЖШС-де 2017-2019 жылдары қарлығанның үш сорты сұрыпталып, сыналды. Олар М. А. Лисавенко атындағы Сібірдің бау-бақша ғылыми-зерттеу институтында интродукцияланған - Командор, Шершнеvский, Любомир сорттары.

Өсімдіктердің өсуі мен дамуын көктемгі бақылаудың үш жылдық кезеңе сүйенсек қарлығанның барлық үш сорттары да қысқы ауа-райына, қолайсыз жағдайларға төтеп бере алды.

Зерттеу кезеңінде (2017-2019) қарлыған өсімдіктерінің вегетация 18-21 сәуірде бақыланды. Гүлденудің басталуы бүршіктер ашылғаннан 28-35 күн өткен соң және орта есеппен 14-23 күнге созылды. Гүлдену уақытындағы айырмашылық 3-10 күннен аспады. Ауа райына байланысты.

Фенологиялық бақылаулар бойынша үш жылдық зерттеулер нәтижесінде Шығыс Қазақстан жағдайында Командор сорты, Шершнеvский - орташа пісетін кезең екені анықталды. Любомир сорттары - кеш пісетін кезең екені айқындалды.

Командор сортында жапырақтары басқа сорттарға қарағанда бес-жеті күн бұрын гүлдеді. Нәлдік өскіндердің көптігі де осы сұрыпта байқалған болатын, Командор өскінің ұзындығы 37см. Орташа биіктігі – 36 см, ол сорттың өнімділігінің белгісі (1-сурет).

Нәлдік өскіндердің ең төмен орташа ұзындығына - 30 см дейін Любомир сорты ие, орташа ұзындығы 37 см (2-сурет).



1-сурет-қарлыған сорты Командор



7-сурет-қарлыған сорты Любомир

1-кесте-қарлыған сорттарының өнімділігі 2017-2019 жж.

Сорттың атауы	2017 жыл		2018 жыл		2019 жыл	
	Өнімі, кг/бұта	Өнім, т/га	Өнімі, кг/бұта	Өнім, т/га	Өнімі, кг/бұта	Өнім, т/га
Юбилейный (st.)	1,2	3,3	1,5	4,1	1,1	3,0
Шершнеvский	2,2	3,3	2,2	8,3	1,8	5,9
Любомир	2,1	3,4	1,8	4,9	1,5	4,9
Командор	3,4	9,4	4,0	11,0	2,2	7,6

3 сұрыптың үш жылдық зерттеулерінің нәтижесінде Командор сорттары ең жоғары өнімділікпен ерекшеленеді. 3 жыл ішінде өнімділік 7,6-дан 11,0 т/га-ға дейін болды, 1 жидектің орташа салмағы 3,5 гр., ең үлкен жидек - 4,2 г дейін жетеді. Жидектер қара қызыл, дерлік қара, тәтті және қышқыл (1-сурет). Бұтасы Шершнеvский, Любомир сорттарымен салыстырғанда күшті дамыған.

Дәмі бойынша жүргізілген дегустация нәтижесінде Любомир сорты ерекшеленеді - өнімділігі 3,4-тен 4,9 т/га-ға дейін (1-кесте), келбеті тартымды, жақсы дәмі бар жидектер. Ең үлкен жидек - 4,3 г дейін жетеді. (2-сурет). Бұтасы орташа ұзын.

Шершнеvский сортында өнімділік 3,3-тен 8,3 т/га-ға дейін болды, 1-ші жидектің орташа салмағы 3,2 г құрады, ең үлкен жидек - 4,5 г дейін жетті.

Жидектер шілде айының екінші онкүндігінде піседі.

Командор сорты жұмсақ тіккенді, Шершнеvский және Любомир сорттары қатты тіккенді тобына жатады.

Бұл сорттардың қысқы төзімділігі - Шығыс Қазақстанның тау бөктеріндегі аймағында дақылдарды өсіру мүмкіндігін анықтайтын маңызды белгі. Сынақ жылдарында ауа-райы қарлығанның өсуі мен дамуына қолайлы болды. Шығыс Қазақстан жағдайында қарлыған қыста төзімділігі жоғары дақыл болып саналады.

Кесте 2. Қарлыған сорттарын бағалау (2017-2019 жж. орташа)

Сорттың атауы	Қысқа төзімділігі, балл	Өнімділігі кг/бұтасына.	Өнімділігі т/га	Жидек массасы, г.	
				орташа	максималды
Юбилейный (st.)	5	1,3	3,5	2,9	3,5
Шершнеvский	5	2,0	5,9	3,2	4,5
Любомир	5	1,8	4,4	3,3	4,3
Командор	5	3,2	9,4	3,5	4,2

Шығыс Қазақстан жағдайында қарлығанды зерттеу аймақтың табиғи-климаттық жағдайлары осы жидек дақылын өсіру үшін қолайлы екенін көрсетті. Барлық үш сорт 2017-2019 жж. (-430c дейін) зерттеу жылдарында қысқы кезеңдегі төмен температураға қарамастан, қысқа жоғары төзімділігін көрсетті. Жауын-шашын мөлшері жеткілікті жазғы кезеңдегі қалыпты температура жидек массасын және жалпы дақылдың өнімділігін арттыруға қолайлы. Зерттеулер қазіргі заманғы сапалы сортты алмастыруды қалыптастыру үшін Шершнеvский, Любомир, Командор сорттарын ұсынады. Барлық үш сорттың жидектері тартымды, жақсы дәмге ие.

Үш жылдық зерттеу нәтижесінде Командор сорты 3 сорттан ерекшеленді. Оның орташа өнімділігі гектарына 9,4 тонна, бақылау сортының өнімі Юбилейный (st.) 3,5 т/га, өнімділігі 5,9 т/га құрады.

Командор сорты жұмсақ тіккендігіне байланысты өңдеуге және жинауға ыңғайлы, тұтынушылар арасында сұранысқа ие. Сортты ауыстыру үшін ұсынылады.

Мақала авторлары: Бақыт А., Карашаева Ж. С жеміс шаруашылығы зертханасының меңгерушісі